



Kaspi Bank  
арқылы жазылу



otpanews.kz

# МАҢҒЫСТАУ

№14 (10521) 24 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## БІРЛІК пен ЖАУАПКЕРШІЛІК ФОРУМЫ

АҚТАУДА ЖАНА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ФОРУМ ӨТТІ. ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖИЫНҒА ОБЛЫС ӘКІМІ, БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ӨНІР ЖАСТАРЫ ҚАТЫСТЫ. ФОРУМ АЯСЫНДА ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ САЯСИ НАУКАННЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ.

### Зухра ӘБДІЛ-САТТАР

Кеш барысында жүргізушілер ел дамуы, заң үстемдігі, тарихи сабақтастық пен ұлттық құндылықтар туралы мазмұнды ой қозғал, конституциялық реформалардың маңызына тоқталды. Тарихи кезеңдердегі құқықтық жүйелерге шолу жасалып, бүгінгі жаңғы-



Өңір тұрғындарымен кездесулер барысында мен ашықтық пен әділдікке деген ұмтылысты байқаймын. Халық ел тағдырына бейжай қарамайды. Алдағы референдум әрбір азаматқа өз ұстанымын білдіріп, мемлекеттің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Ата-бабаларымыз әрдайым заң мен тәртіпті бірліктің негізі еткен. Бұл дәстүр бүгін де өз жалғасын табуда. Заңға құрмет – өз еліңе және келер ұрпақтың болашағына деген құрмет. Он бесінші наурыз күні республикалық референдум өтеді. Бұл – ел дамуының келе-желе бағытын айқындайтын маңызды мүмкіндік. Қазақстанның өркендеуі жолында азаматтық белсенділік танытып, са-

## «AIRHUB»: ЦИФРЛЫ БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА «AIRHUB» ДРОН КАБИНЕТІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. ІС-ШАРА КЭСІБИ ДРОН ҰШЫРУ КАБИНЕТІНІҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫНАН БАСТАЛЫП, ЖАС ТЕХНИКТЕРДІҢ ДРОН-ШОУЫМЕН ЖАЛҒАСТЫ.



Салтанатты іс-шараға 6–18 жас аралығындағы 50-ден астам үйірме оқушылары, ұстаздар және арнайы шақырылған сала мамандары қатысты. Қонақтар қағарында Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Абағат Өрсебаев, Маңғыстау облыстық цифрлық технологиялар басқармасының бастысы Құдайберген Алмағамбетов, Қытай Халық Республикасының Шанхай ынтымақтастық ұйымының білім беру бағыты бойынша бастысы Айлина Киуи, Халықаралық және инновациялық білім